




ОРТАЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН

КІТАПХАНАСЫ



ІЛИЯС МҰҚАЕВ

Сыныптасы Жоқ бала



Ілияс МҰҚАЕВ

*Сыныптасы
жоқ бала*

Өлеңдер және поэма

«Кәусар» баспасы
Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ 821.512.122-1
КВЖ 84 (5Қаз)-5
М83

*«Орталық Қазақстан» кітапханасы сериясы
аясында Мағауия Сембай атындағы қоғамдық
қордың қолдауымен жарыққа шықты.
Жоба авторы – Еркін Мұсабеков*

Мұқаев Ілияс
**М83 Сыныптасы жоқ бала. Өлеңдер және
поэма. – Нұр-Сұлтан: Кәусар, 2022. –
128 б.**

ISBN 978-601-204-525-3

Ақын Ілияс Мұқаевтың бұл кітабына кестелі сөзбен өрілген көркем жырлары топтастырылған.

Қоғамдағы әр құбылысты қара өлеңнің өзегіне сыйдырып, жыр тілімен сыр айта білген ақынның шуақты поэзиясы көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1
КВЖ 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-204-525-3

© Мұқаев Ілияс, 2022
© «Кәусар» баспасы, 2022



Арғымақ текті арда жыр

Меніңше, қазақ қауымында ақыны көп болған, оның ішінде кітабы шыққан ақыны мол болған заман, ол – осы заман. Қазір өлеңге таласы бар әр «сәби» жөргегінен бір томдығын ала түседі десек, артық айтқандық емес. Бұрын балабақшаның бүлдіршінінен бастап, ел ағасына дейін оқуға ұмтылса, қазір оқуды ұмытып, жаппай жазуға жанталасқан уақыт. Бұрын бір облыстан кітабы бар бір адамды әрең тапсаң, қазір бір аймақтың қаламұстарларынан бір Жазушылар одағын құрып алуға болатындай. Кейде санның сапаға жол ашатынын ескерсек, бұл жақсылықтың нышаны да шығар. Сондықтан әр жаңа авторға, әр әдемі кітапқа үлкен үмітпен қарайсың. Бірақ біз шығармасын аз-кем сөз еткелі отырған ақын Ілияс Мұқаевқа «әр жаңа авторға» деген тіркестің әсте қатысы жоқ. Олай дейтініміз, өлең өлкесіне әу бастан ішкі дайындықпен келіп, оны мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген «Ғұмырымның көктемі» атты ойлы да орнықты жыр кітабымен, Бұқар жырау, Төлеген Айбергенов, Тұманбай Молдағалиев атындағы әдеби



сыйлықтардың лауреаттығымен, бірнеше республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпаздығымен және бауырлас түркі жұрты басылымдарында жарияланған топтама өлеңдерімен дәлелдеген ақынның қазір дер шағы, демінен жыр, лебізінен гүл төгілетін тұс.

Өз басым Ілияс шығармашылығын ертеден бақылап келемін. Жас кезімнен мекен-тұрағым Алматы боп кеткендіктен, ежелден өн мен күйдің, сыр мен жырдың ордасы атанып кеткен Ақтоғайымнан (Қарағанды облысы) өнер жазирасында көгере өсіп келе жатқан кімдер бар екен деп елеңдеп жүру әдетім. Сондай кезде көзіме шалынған бала бұл. Бертін келе етене таныстық.

Ілияс – мен ақынмын деп кеудесін кермейтін, көрінген жерге көрініп қалайын деп қаламын ала жүгірмейтін байсалды ақын. Қайсыбір қаламдастары секілді ақ қағаздың бетін аткөпір ету оған жат қылық. Ойын қорытып, сезімін тұндыру үшін қанша уақыт керек болса, сонша уақытқа шыдайтын шымыр мінезі бар. Бұл ретте оның екі жинағының арасына екі он жыл салған қазақ поэзиясының классигі, Шығыс шайырларының екінің біріне жұға бермейтін жұпар қасиеттерін бойына дарытқан ерекше талғам иесі атақты Қуандық Шаңғытбаевқа ұқсап кететін кездері де бар. Бірақ, одан Қуан ағасы секілді Ілияс та ұтылған жоқ.



Ең бастысы, өлеңінде қорғасын құйған сақадай салмақ бар.

Ақын өлеңдерінен өзі өмір сүріп отырған заман, уақыт алдындағы жауапкершілікті сезіну үнемі байқалады. Содан да болар:

Қойдым бәрін, қашанғы

«жынды» болам,

Хақтың жолы еді ғой үлгі маған.

Ішкенімнің барлығы неге арам да,

Істерімнің барлығы күлдібадам?! –

деп өзін-өзі оятып, қайрап отырудан жалықпайды. Асылы, адамды қай істе де алға жетелейтін өзіне деген сенімі болса керек. Сол сенім оның қаламына:

Ғайбат айтып, пыш-пыштап

сандалған бар,

Арамзаға арбалып, алданбаңдар.

Дүнгенбайдың жалғызы дүниені

Дүр сілкінтсе бір күні

таң қалмаңдар, –

деген жыр жолдарын да іліктіріпті. Айтқанына сендіріп, «айдауына» жүргізетін мұндай шымыр да шынайы шумақтар оның шығармашылығының шүйгіні десек болар. Содан да болар, ақын аузынан ақтарылған ақық жырға таңырқай бермейміз, табиғи құбылыс көреміз.



Ілияс өз өлеңдерінде өмірдің детальдарын сөйлету арқылы оның тұтас бейнесін беруге ұмтылады. Мәселен, ауылда шаруа бағып қалған досы Аманбек туралы өлеңінде ол:

*Ауылдағы аңғал досым Аманбек,
Жабыққанда сырымды айтам
саған кеп.
Борбай етің борша болды-ау сенің де,
Бес тауықтан бес жұмыртқа
алам деп, —*

деп толғанады. Байыптап қараған адам осы «бес тауық, бес жұмыртқа» деталінен бір Аманбектің ғана емес, қазіргі біраз ауыл адамдарының ахуалын аңғарар еді. Ауылда азғантай малының сүмесіне қарап қалған қауымның қарабайыр халін айғайлатпай, абайлап берудің бұдан асқан тәсілі көп бола да қоймас. Бұл тәсілді ол күре жолдар бойына қойылатын қыран ескерткіштері жөніндегі өлеңінде де шебер пайдаланған. Мұнда ақын ойы қалыптасқан стандарттан шығып, тосын түйінге тұмсық тіреген. Шағын өлеңді түгелдей оқу артық емес:

*Өтінем, мұны естен шығарма,
Мүсіншім, шабыты шарқ ұрған.
Ескерткіш қоймаңдар қыранға
Мыс түгіл алтыннан.*



*Сөзіме қарама күмәнді,
Тұғыры олардың қия-шың.
Төбеңде қалықтар қыранды
Төменге қалайша қиярсың?!*

*Басында тұқыртпай төбенің,
Қыранның киесін танып бақ.
Кереге қанаттым, о, менің,
Ұшыңдар биікте қалықтап.*

*Ал, жер ме?!
Жер лайық жыланға,
Жыбырлап жүрсін ол шаң жұтып.
Қоймаңдар белгі тек қыранға,
Қарғалар кетеді саңғытып!*

Иә, асыл тек, алтын өзек тектілеріміздің бәсі мен бағасы жөнінде тебіреніс бұл. Мәселе жол бойында орнатылған тас мүсіннің сырт көрінісінде емес, соның тасасында тұрған орны отаудай оғландарымыздың тұғырын төмендетіп, тұрағын тоздырып алмайық деген астарында тұр.

Адам баласының көпшілігі әуелде өмірге періштедей таза болып келіп, бірте-бірте пенделікке бой алдыратыны жасырын емес. Мұны мыңның бірі ғана мойындайды. Және тірліктің тозаңына аз тұтылған адалырағы да солар. Осыны өлеңде қалай беру керек? Екінші жаққа аудара салу керек пе, әлде бірінші жақта сөйлеген жөн бе? Мұның ал-



ғашқысы оңайырақ болғанымен фальшке бастайды, екіншісі қиынырақ болғанымен шынайылыққа жетелейді. Осыны сезген ақын өлеңнің «қиын» құрылымын таңдаған. Және мұнысы мейлінше дұрыс болған. Қанекей, жырдың («Көкжиекті көрмегелі...») соңғы екі шумағын оқып көрелік:

*...Сұрауы бар судың дағы,
Табиғатпен тілдестім.
Періште боп тудым-дағы,
Пенде болып күн кештім.*

*...Алмақ түгіл тіптен ақтап,
Уақыт ізге құм себер.
«Бір кездері сүттен аппақ
Болдым» десем, кім сенер?!*

Ақын бұл жерде жырдың шыншылдығы үшін өзін «құрбандыққа» байлайды. Сол арқылы сөз сенімділігін, ой орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Егер осыны «ол сондай» деген екінші жаққа құрсақ не болар еді? Оның жауабын жоғарыда айттық. Барар жері жасықтық пен жасандылық.

Илиястың қазіргі қараусыз қалған ауыл жағдайын бейнелейтін «Сыныпта-сы жоқ бала» атты өлеңі кезінде оқырман қауымды дүр сілкіндіріп, автор мен ауыл халқын көп хабарлас еткен туынды. Проблема мынада. Далада қалғалы тұр-



ған ауыл. Жабылғалы тұрған мектеп. Бір сыныпта бір ғана бала – «Сыныптасы жоқ бала...» Уақыттың уытын, заманның запыранын өзек еткен осы өлең бір ауылдың ғана емес, жалпы қазақ жұртының науқас нүктесін дәл басқан десек артық емес. Өлеңдегі проблема әлі де өзекті. Сөзіміз жалаң болмау үшін біреер шумағына үңіле кетейік:

*...Туған жерді (тұратын
жаным қалап),
Ойлар болсам уайым қалыңдамақ.
Бал күнімнің куәсі ескі үйіме,
Ескі көршім жүр дейді малын қамап.*

*...Жасы кетіп жұртынан жырақ, дара,
Жат өңірден тауыпты тұрақ, пана.
Үркердей-ақ үй қапты үрпийсіп,
Бір сыныпта бар екен бір-ақ бала.*

*...Болмаған соң болаттай ірге мықты,
Орман жұртым селдіреп ұлгеріпті.
Сырласы жоқ кәріні көріп едік,
Құрдасы жоқ баланы кім көріпті?!*

*...Қандай белгі қалады өткенінен,
Балалықтың балауса көктемінен.
Жалғыз аяқ жолымен жалғыз барып,
Жалғыз қайтар жабырқап
мектебінен,*

*құрдасы жоқ бауыр-ай, досы да жоқ,
Қалай айтам жабықпа, жасыма деп.*

*Қараша үйде қариям отыр дейді,
«Көрсеткенің, е-е-е, тағдыр,
осы ма?» деп.*

Бұл не? Бір шал мен бір баланың уайымы ғана ма? Жоқ, әрине. Бұл – өмір сүруге қауқарсыз деген желеумен күнара жабылып жатқан ауыл «ажары», адамы атажұрттан ауа көшкен қоғам келбеті. Бұл – шешімі бар мәселені шетқақпай қылған саясатқа деген ақынның айыптау актісі. Бұл – мынандай алмағайып заманда «өнер өнер үшін» деп отырмай, өршіл өлеңімен мінез көрсеткен ақын жүрегiнiң атша тулаған дүрсілі.

Әрине, уақыт тынысын қапысыз қадағалауды әдет еткен ақынның қозғайтын тақырыбы, қаузайтын мәселесі бір бұл айтылғандармен шектелмесе керек. Оның:

Көкше теңіз...

Тірлікте жақынды жау,

дос та етеміз.

Жағасында жалғанның сен қаласың,

Біз өмірге бос келіп, бос кетеміз, –

деп «Көкше теңіздей» толқитын фило-софиялық толғамын тек табиғат туралы ғана, ал:

Терезесін көңілдің қырау шалып,

Сені іздедім жаһаннан сұрау салып, –



деп тебірене төгілетін «Сағынышын» тек махаббат мақамы десек, астары әріге тартатын бұл туындылардың толық бейнесін тани алмағандық болар еді. Өйткені ақынның аталған һәм аталмаған көпшілік жырларында қозғаған төл тақырыбен қатар, жанама мағынасы мол меңзеулер мен мазмұндар өзектесе өріліп отырады.

Ілиястың қай өлеңін алсаң да оның ойға басымдық беретінін аңғарасың. Өлең әсем сөздер мен тақылдаған ұйқастың ғана жиынтығы емес екенін жақсы білетін ол, қай тақырыпты қозғаса да өзінше тарқатып, өзінше шешімін табуға тырысады. Бұл жалғанда ашылмаған ой, айтылмаған сөз жоқ-ақ шығар. Бірақ, соған қарамастан, әр құбылысқа өз көзімен қарап, өз түйінін ұсынуға деген талпыныс үдерген уақыт көшінде бір сәт те толас тапқан емес. Өнердегі бұл үрдіс адамзат сапары қанша мерзімге созылса, сонша ғұмырмен жалғаса бермек. Осы орайда, ғаламдық өлең мұхитына тамшыдай болса да үлес қосармын деп үміт еткен ақынның:

*...Соғады жатқа ел, сенемін,
Алады ол билеп ерікті.
Өйткені менің өлеңім
Күнікейден де көрікті.*

*...Туған ел мені қолдаған,
Мақтайды-ай, ауыз көпіртіп.*



*Менімен жерлес болмаған
Жандардың бәрін өкінтіп, —*

деп шалқуын да құптап қойған жөн секілді.

Ілияс Мұқаев қандай ақын дегенде, оның ойшылдығымен қоса, тілге бай, техникаға шебер, фигураларды қолдануда (теңеу, метафора, гиперболола, градация, контраст, аллитерация, ассонанс, т.б.) икемді өнер иесі екенін баса айтқан жөн. Ақын өлеңнің әуенділігін арттыруда ішкі ұйқас пен дыбыс үндестігіне де жиі жүгінетінін байқаймыз:

*Сыныптасы жоқ екен бір інімнің,
Түлік басы көп екен бір ағамның.*

Немесе:

*Сырласы жоқ кәріні көріп едік,
Құрдасы жоқ баланы кім көріпті?!*

Сондай-ақ:

*Тектіге ғана бұйырап бақты
Ептіге неге таңып береміз?!*

Келтірілген өлең тармақтарындағы «сыныптасы, түлік басы», «сырласы жоқ, құрдасы жоқ», «тектіге, ептіге» секілді ішкі ұйқастар мен «бір інімнің, бір ағамның», «кәріні, баланы» деген

контрастар осының айғағы. Ақын шеберлігінің көрінісі.

Мұндағы тағы бір көңіл аударатын дүние – «Дидарғайып» поэмасы. Өмір шындығының ащы бір тұсын арқау еткен бұл туындыны көзіңе жас, көңіліңе қайғы алмай отырып оқу мүмкін емес. Оқиғасы ауыр мұңға жетелейтін бұл шығарманы талдап, талқылап жатқаннан гөрі, оны өркімнің өзі оқып шыққаны жөн-ау деп шештік...

Әрине, қандай қаламгердің болсын шығармашылық қасиетін алғы сөз ауқымына сыйғызу мүмкін емес. Біз де айтары бар ақынның өлең-көшін көктей шола отырып, «теңіздің дәмін тамшысынан» татуға тырыстық. Бір қуанарлығы – жазған сайын тәжірибесі молығып, тапқаны толығып келе жатқан автордың азаматтық үнінің айқындығы. Мұны талғампаз шайырдың «Жүрегім жырға жерік болғалы» атты жырындағы:

*...Шығам деп алып түнектен көпті,
Жанымның мені үні өктем етті.
Қазаққа төнген қауіптің бәрі
Алдымен мендік жүректен өтті.*


*...Соны ойлап көңіл күпті алабөтен,
(Жанымды мұңмен
жүптаған ба екен?)
Ақынның егер азабын артса,
Атанға қанша жүк болар екен?.. –*



секілді қаламгер жауапкершілігін анық сезінген шымыр да шыншыл шумақтары да қуаттап тұрғандай.

Сонымен шайыр арғымақ текті арда жырдың шылбырын шиырды. Жортқанда жолың болсын дейміз.

*Абзал БӨКЕН,
ақын,
халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері*



Бірінші бөлім

*Көкжелекті
көрмегелі...*



Сыныптасы жоқ бала

Қара бастың қамы үшін қала барып,
Жұртымыздың жүрегін жараладық.
Бауырынан көк белдің ұшқан құс та
Ауылымнан келеді хабар алып.

Сол хабардан ұққаным:
Шетке бөтен
Шеру тартқан аз емес, көптен екен.
Бізден соң да көбі елдің кіндік үзіп,
Ауа көшіп аулаққа кеткен екен.

Туған жерді (тұратын жаным қалап),
Ойлар болсам уайым қалыңдамақ.
Бал күнімнің куәсі ескі үйіме,
Ескі көршім жүр дейді малын қамап.

Тілімдеген жүрегін тірі адамның,
Жайын естіп қалайша жұбанармын.
Сыныптасы жоқ екен бір інімнің,
Түлік басы көп екен бір ағамның.

Болмаған соң болаттай ірге мықты,
Орман жұртым селдіреп үлгеріпті.
Сырласы жоқ кәріні көріп едік,
Құрдасы жоқ баланы кім көріпті?!



Жасы кетіп жұртынан жырақ, дара,
Жат өңірден тауыпты тұрақ, пана.
Үркердей-ақ үй қапты үрпиісіп,
Бір сыныпта бар екен бір-ақ бала.

Өміріме өң берген өңір еді,
Жүрегімді осы жайт кеміреді.
Көзімді ілсем түс көрем...
Түсімде ылғи
Сырын айтып бір бала егіледі.

Сырын айтып бір бала мұңаяды,
Қинаған жоқ мені ешкім бұлай әлі.
Сол баланың тағдырын кім түсініп,
Сол баланың тағдырын кім аяды?!

Қандай белгі қалады өткенінен,
Балалықтың балауса көктемінен.
Жалғыз аяқ жолменен жалғыз барып,
Жалғыз қайтар жабырқап
мектебінен,

құрдасы жоқ бауыр-ай, досы да жоқ,
Қалай айтам жабықпа, жасыма деп.
...Қараша үйде қариям отыр дейді,
«Көрсеткенің, е-е-е, тағдыр,
осы ма?» деп.

Аманбек

*Ауылда қалған жалғыз досымның
жағдайын білейін деп қоңырау
шалсам, керім келіншегі үнемі:
«Ол қора жақта жүр еді»
дегенді айтады...*

Ауылдағы аңғал досым Аманбек,
Жабыққанда сырымды айттым
саған кеп.

Борбай етің борша болды-ау сенің де,
Бес тауықтан бес жұмыртқа алам деп.

Ақ самалдай аңқылдаған досым-ай,
Көңіліңнің бола берсін хошы ұдай.
Жан баласын жанымызға тең көрмей,
Хан баласы жүруші едік Жошыдай.

Өзімізді хан ұлына теңгеріп,
Өстік біздер өлкемізге өң беріп.
Жүрміз енді...
Мен қалада сенделіп,
Сен далада тауығыңа жем беріп...

Ауылдағы адалым-ай тел өскен,
Бір сөтке де шығармадым сені естен.
Күндер қайда кекілімді күн сүйіп,
Айдарымнан жел ескен?..



Күндер қайда кеуде керіп самалға,
Құлыншақтай құлдыраңдар даламда?
Сол шақты енді желден жүйрік
ат мініп,
Жердің бетін жеті айналсам табам ба?!

Дегдарым-ай!
Көңілі – көл.
Серті – нық.
Өр кеудемнің өзектегі өртін ұқ.
Көп болыпты-ау өткен күннен
сыр аулап,
Қырға шығып қайтпағалы желпініп.

Бойда қайрат болған кезде,
жанарда от,
Жырым жетсін қырдан ескен
самал боп.

Біз аспаған асу әлі қаншама,
Біз алмаған қаншама әлі қамал көп...
.....
Ауылдағы аңғал досым Аманбек!

Көкше теңіз

Көкше теңіз...

Жалаң аяқ жағанды көп кешеміз.

Алшаң басып, жұртқа асқақ

көрінгенмен,

Біздің де шылқып жүрген

жоқ шекеміз.

Көкше теңіз...

Күнде кетіп жатса да көпке есеміз...

Жалымызды (жығылған) күдірейтіп,

«Бөрі арығын білдірмес» деп бөсеміз.

Жараланбай...

Шақтар-ай, шалқып ұшқан

шағалаңдай.

Бастағы бөскіл күйді кім ұғады,

Қағандай қапаланған қамал алмай.

Ақ айдыным...

Саған келсем сейілді талай мұңым.

Толқынындай жағанда толқып тұрып,

Жанымның жамыраттым

арай-нұрын.

Жерінбедім...

Сенен тапты күйреуік көңіл де емін.

Тұнығыңды лайлады Адам сенің,
Тұнығымды лайлады Өмір менің.

Іріні іздер...

Ести ме екен, дариға-ай, үнімізді ел.
Қамысындай жайқалып тұрамыз да,
Барысындай құримыз түбі біздер.

Көкше теңіз...

Тірлікте жақынды жау...

дос та етеміз.

Жағасында жалғанның Сен қаласың,
Біз өмірге бос келіп, бос кетеміз...
Көкше теңіз...



* * *

Қойдым бәрін!
Қашанғы «жынды» болам?!
Хақтың жолы еді ғой үлгі маған.
Ішкенімнің барлығы неге арам да,
Істерімнің барлығы күлдібадам?!

Жарылқаған Жаратқан өлең беріп
Жан едім ғой... өзгеге өлем бе еріп?!
Жатым тұрмақ жақыным
жақтырмауда,
Таста тамыр жоғын да менен көріп.

Жетер енді жоқты іздеп желіккенім.
Қамсыз өткен күндерді көріп керім.
Жолдас қайда жолынан жығылмаған,
Сертке берік қайда әлгі серіктерім?!

Болғаным ба сыртқа – дос,
ішке – бөтен?..
Кірісейін бел шешіп іске бекем.
Саулығы үшін тісімнің бұдан былай
Сала құлаш тілімді тістеп өтем.

Айбарымнан қаймығып егескенім,
Айдарымнан көрсін ел жел ескенін!
От ауызды, орақ тіл Оспан бидің
Ұлағатты ұрпағы емес пе едім?!



* * *

Жарылқа, Алла, құлыңды,
Жарылқа, Алла, ғұмыр бер.
Мойылдай мөлдір жырымды
Оқиды жатқа түбінде ел.

Оқиды жатқа ел, сенемін,
Алады ол билеп ерікті.
Өйткені менің өлеңім
Күнікейден де көрікті.

Атыма шаң да жуытпай,
Оқиды жыр деп біз күткен.
Бастарын иіп уықтай,
Тұрады сұлу қыз біткен.

Болмайды бөгет көлденең.
Шуаққа бөлеп маңайды,
Табаным тиіп көрмеген
Жерлерге жырым тарайды.

Шерменде болмай шерменен,
Айтайын ашық сырымды.
Өмірі жүзін көрмеген
Соғады жатқа ел жырымды.

Соғады жатқа ел, сенемін,
Алады ол билеп ерікті.



Өйткені менің өлеңім
Күнікейден де көрікті.

...Туған ел мені қолдаған,
Мақтайды-ай ауыз көпіртіп.
Менімен жерлес болмаған
Жандардың бәрін өкініп...





Есімін ұрпағына байрақ етер,
Ұлға Әке айбын екен, айбар екен.
Сенен де өте шықты-ау
бес күн жалған,
Қайтейін, қайран Әкем,
қайран Әкем...





Қаладағы қарт сөзі

Санама ерік...

Гимеген соң еріксіз балама еріп.

Кендікке іңкөр даланың дарқан

ұлы едім,

Сыя алмай жүрмін, қайтейін, қалаға

келіп.

Жан едім ісіне берік...

Еліме деген сағыныш күшіне еніп.

Елегізіп шығам түнімен ауылды аңсап,

Тобылғы түсті торы атым түсіме еніп.

Қабарып қалдым...

Гірлігін көріп ақсаусақ қалалықтардың.

Арғымақ тектес жан едім далаға құштар,

Қапас қалаға тұтқын боп

қамалып қалдым.

Қырат, даланың...

Деген ем мәңгі төсінен тұрақ табамын.

Жібек жел соқса тербелер көк

майсаны аңсап,

Гас көшеде қамығып жылап барамын.

Санама ерік...

Гимеген соң еріксіз балама еріп.

Кендікке іңкөр даланың дарқан ұлы едім,

Сыя алмай жүрмін, қайтейін,

қалаға келіп.



Жусан иісі

Ол кезде өрімдей бала едік,
Әлі өмір қоймаған жүк артып.
Көңілдің жататын қары еріп,
Тұрушы ек әр неге құмартып.

Жеті ұл ек жетінші сыныпта,
Жүретін жазылмай жұбымыз.
Би кеші болса егер клубта,
Өтетін ұйқысыз түніміз.

Ағарып ұйқысыз таңымыз,
Жүруші ек әр нені қиялдап.
Тулайтын тамырда қанымыз,
Сәруар сезімдер жиі арбап.

Ағалар бастаған құтты аяқ,
Қиялда көшелі көшке еріп.
Бесіктен беліміз шықпай-ақ,
Тез жігіт болуды көкседік.

... «Жігітпіз дейміз-ау осы біз,
Темекі тартпас ер бола ма?» —
деп бірде ұяңдау досымыз
Тесіле қарады әр балаға.

Айтпайтын артық сөз бұрында,
Бала еді ол біз үшін ұятты.



Ойланып қарасақ, шынында,
Ондай ер болмайтын сияқты.

Былай қап «бос» жүріс бұрынғы,
Ауылдан ұзақтау қыр барып.
Сол күннен бастап біз шылымды
Шегуді үйрендік ұрланып.

Жігерлі жігіттей өкіртіп,
Шегеміз күндіз де, кеш-түн кеп.
Содан соң жусанды көпіртіп,
Шайнаймыз «Сезбесін ешкім» деп.

Сақтайтын сөйтіп бір қатерден,
Иісі танауды жаратын.
Келгенде үйіме әкем мен
Анам да түк сезбей қалатын.

...Қалды ғой ол күндер жырақта,
Қалды ғой ол күндер әріде.
Жусанның жұпары бірақ та,
Танаудан кетпей жүр әлі де...



Хат
(Абзал ағама)

Хат жаздым қалам алып, Аға, саған,
Аман ба аппақ төтем, бала-шағаң?!
...Жыландай жиырылып

жатып алды

Жолымда неге ана бір аласа адам?!

Хат жаздым, Аға, өзіңе, қалам алып,
Жақсыға жүрегімнің адалы анық.
Бастырмай өр кеудемді жүрер шақта,
Қасқырдай қалдым неге жараланып?!

Безерген қансыз-сөлсіз бет-өңдері,
Ұстасу ұяты кеммен бекер ме еді?..
Кетілген Кемпірбайдай кездерімде
Көңілді Әсет* те кеп көтермеді.

Жанымның жамыратқан көк өскінін
Керімсал күннің көбі елес бүгін.
Мінгелі қылқұйрығын қызметтің
Досымда дос көп қазір деп естідім.

Қоғадай жапырам деп түйілмес кім?!
Доғадай алдарында иілмеспін!

*сет Аманжол



Жалғыз қап құм ішінде күңіренген
Мен де бір Махамбеттің күйін кештім.

Хат жаздым, Аға, өзіңе,
сырымды ашып,
Кеше гөр, шықса егер де үнім жасық.
Бөрі едім еркін жортқан ен далада,
Иттермен жүрмін итше ырылдасып...

Хат жаздым, Аға, саған...



* * *

Кездестік те төсінде барқыт белдің,
Мен сені мұңайтуды артық көрдім.
Келмеді жұдырықтай жүрегіңе
жара салып, нала-мұң артып бергім.

Көңіліңнің сейілмей кіл күмөні,
Жанарыңа мойылдай мұң тұнады.
Құшағымнан сытылып шықпақ болып,
Дәрменсіз нәзік денең бұлқынады.

Көмкеріліп көп гүлмен қыр етегі,
Көңілімді көтеріп түлетеді,
Даған деген алапат от сезімнен
қорқып, нәзік жүрегің дір етеді.

Қіршіксіз ақша қардай жаныңа әлі,
Әмір ғой, талай күйе жағылады,
..Жұдырықтай жүрегің аттай тулап,
Еркін, ерке күніңді сағынады.

Қолыма түстің менің тосын анық,
(Қандай күш сені әкелген
осында алып?!)

Ерке лағы еліктің, жіберейін,
Енеңді тауып ал да, қосыл барып...
Бара ғой!



Қазақы күйі

Жерім сатылды,
Кенім сатылды.
Елге етене
Ерім шатылды.

Тілім – қырқылды,
Дінім – түр-түрлі.
Бағам кеміді,
Жағам жыртылды.

Барым – жоғалды,
Бағым – тоналды.
Шеттен шыққандар,
Шекпен-шен алды.

Қоғам – құбылды,
Молам – сүрілді.
Даңқым – жер жарды,
Қалпым – бұрынғы.

Көптің «айыбы»
Жетті қай үні?
Еншім – ортайды,
Көршім – байыды.

Біздің мінбеде,
Тізгін – кірмеде.
Қауым – ұйқыда,
Жауым – іргеде...

Қайран, Күкел...

(Қазақтың белгілі әншісі, аяулы
ғам Қуат Қожамбаевтың рухына)

Азамат едің әр ісі
Көрінген шырқау биіктен.
Даладай дара дауысы
Қысырдың өзін иіткен!

Үзілдің сөтте-ақ қас қағым,
Салды да ажал құрығын.
Ақсораңымдай асқағым,
Тоқырауындай тұнығым!

Өнермен ғана ісі боп,
Ағам-ай, өткен көз ілмей.
Кісілігі жоқ кісі көп,
АДАМ аз, бірақ, өзіңдей!

Әніне елтіп жас-кәрі,
Өнермен өрген ғұмырын,
Ағасы кетіп, аспаны
Аласарғанның бірімін.

Шықпадың өсте санадан,
Көңілде енді күй бөтен.
Қадірі бөлек жан ағам,
Қабірге қалай сыйды екен?

Қазасы жетіп қапыда,
Алынбай асу, қамалдар,
Өзімен бірге аты да
Бірге өлген қанша адам бар.

Ал сенің жайың басқа тым,
Кезің жоқ мүлгіп-қалғыған.
Әнің мен әркез жақсы атың
Еліңнің шығар алдынан.

Бақұл бол енді, Ән-ағам,
Асылы адамзатының.
Алшаң да басып арадан,
Алыстап кеткен жақыным...



Ғұмыр өтер...
(Әні бар)

Із қалмаса тұғырлы етер,
Тірлігіңнің құны бекер.
Армансыз кеп дүниеге,
Армандаумен ғұмыр өтер.

Ғұмыр өтер жоқ іздеумен,
Өмір – өлім егіз деумен.
Тіршіліктің күйін шалып,
Күңіреніп қобыз-кеудең.

Бүтін бар ма бөлінбеген?
Тұқым бар ма көмілмеген?
Таң алдында талып кетіп,
Көрген түс қой өмір деген!

Тұнық бар ма лайланбаған?
Күлік бар ма байланбаған?
Жақыны да жатқа айналар,
Басынан бақ тайғанда Адам.

Қай адамда тың, өрелі,
Төрт құбыла түгел еді?
Даңғыл жол да түбінде бір
Тұйыққа кеп тіреледі.



Жүреkte мұң бүрлесе егер,
Жетім көңіл кімге сенер?
Адам түгіл
көгіндегі,
Күні жетсе, Күн де сөнер!



* * *

Өлтіріп ап көрікті күндерімді,
Сүйретіп жүрген жанмын сүлдерімді.
Санаға салмақ түсіп,
Жұлым-жұлым
Жүрегімді жегідей мұң кемірді.

Мені ақын қып о баста туыпты анам,
Содан бергі уақытта у ұрттағам.
Біреулерге жұмақтай абат өмір
Сүмбіленің суындай суық маған.

Неге суық суындай сүмбіленің?
Шайыр ем ғой шарлаған Күннің елін.
Нысанама неге мен үнемі осы
Шадыман шаттықты емес
мұңды ілемін?

Жиі ерсем де жетелі ой жетегіне,
Бітірген ілкімді іс аз өтеуіне.
Мендік жүрек айналып бара жатыр
Мөлдіреген мұқым мұң мекеніне.

...Көңілімнің тұнығы лайланып,
Өзірге жүрмін рас «жылай», налып.
Бақтың көзі оң болып,
Бірақ мені
Бақтың өзі табады түбі айналып!

Ауылды аңсау
(*Меруертке*)

Кетейік, күнім, ауылға,
Сағындым сағым даламды.
Бауырды басып бауырға,
Бір қуантайық анамды.

Кетейік, күнім, бұл жақтан,
Керек те емес баспана.
Ала қағазын бұлдатқан
Мезі етіп бітті тас қала.

Құрсаған мұңнан арылып,
Жақындай түссін арамыз.
Сарыла күтіп сағынып,
Сарғайған шығар анамыз.

Кетейік, күнім,
Көппен бір,
Қарсы алсын дала – ұлығым.
Желіден босап кеткен бір
Келді деп қасқа құлыным.

Анама дәм мен тұзыңды ал,
Ойлана берме, күнім, мың.
Ол жақта менің ізім бар
Бақытты балғын күнімнің.

Бір елі қалма қасымнан,
Сол іздің сырын байқайын.
Тауымның тарғыл тасына
Жігерді жанып қайтайын.

Жақыннан жүрсек қол үзбей,
Тірлікте мына болар мән.
Өңірде қалған сол іздей,
Өмірде із қалса, жоқ арман!

Кетті деп келмей өкпелеп,
Бүк түсіп жатыр тауым да.
Тамыр ап сонда көктеп ек,
Кетейік, күнім, ауылға!
Жетейік, күнім, ауылға!





Ауылға аман

Десем де дала жырын жетік білем,
Даласыз күндер жатыр өтіп кілең.
Кешір мені, туған жер,
Жел айдаған
Қаңбақтай сенен ұзап кетіппін мен.

Бола қоймас жерің жат,
Көшең бөтен,
Бірақ қайтіп сезімді бәсеңдетем?
Көп болыпты ат ізін салмағалы,
Ауылдағы ағайын есен бе екен?!

Есен бе екен?!
Тірлігі бекем бе екен?!
(Жер жоқ маған өзіңдей мекенге тең).
Қараша үйде қалған бір апам бар е -
Отын-суы жазға еркін жетер ме еке.

Ауыл десе ордалы ой құралмай,
Алаңдайсың әр неге бой бұра алма
Жүйкесі жүндей тозып қайран жеңі
Жүр ме екен ағама арақ
қойдыра алма;
Лағын – ешкі, қозысын
қой қыла алмай!



Оларсыз жатса да өмір өтіп кілең,
Ауылдастың сырына жетікпін мен.
Кешір, бірақ, туған жер,
Жел айдаған
Қаңбақтай сенен ұзап кетіппін мен.

Кетсем де алыс еңсемді түсірмедім,
Жақсы іс етсем, туған жер үшін дедім.
Тағдыр желі қалаған жаққа ұшатын
Адам да қаңбақ екен түсінгенім...
Адам да қаңбақ екен түсінгенім!



Тас қыран

*Ақтоғайға кіре беріс күре
жолдың бойында дала қыранына
қойылған ескерткіш тас тұр.*

Өтінем, мұны естен шығарма,
Мүсіншім, шабыты шарқ ұрған.
Ескерткіш қоймаңдар қыранға
Мыс түгіл алтыннан.

Сөзіме қарама күмөнді,
Тұғыры олардың қия-шың.
Төбеңде қалықтар қыранды
Төменге қалайша қиярсың?!

Басында тұқыртпай төбенің,
Қыранның киесін танып бақ.
Кереге қанаттым, о, менің,
Ұшыңдар биікте қалықтап.

Ал, жер ме?!
Жер лайық жыланға.
Жыбырлап жүрсін ол шаң жұтып.
Қоймаңдар белгі тек қыранға,
Қарғалар кетеді саңғытып!

* * *

Бақытжан деген ұрдажық менің
ағам бар,
Жайына жалғыз жеңгеміз ғана
алаңдар.
Қоймай-ақ қойды осы бір тарпаң
мінезін,
Қамаңдар, мейлі жабылып бәрің
сабаңдар.

Жасы ма?!
Жасы асып та кеткен қырықтан.
Қырықтан жасы асқанын бірақ
ұмытқан.
Ұмытпай қайтсін, бауырларының
барлығын
Қуалап жүріп сабаумен бойы
шыныққан.

Ағамыз біздің
Денелі...
Бетті...
Шекелі...
Айтуынша әлі Валуевке* де жетеді.
Сөзіне лажсыз сенесің,
Егер сенбесең,

* Николай Валуев – бокстан бірнеше дүркін



Жерінде тұрған мұрныңды бет қып
кетеді.

Қараймыз аң-таң:
«Не деген алып кісі еді?»
Ақанды да, айхой, ішкенде судай
ішеді.

Жанына жайсыз сөз айта қалсаң егер де,
Атылып келіп жағаңнан ала түседі.

Жағдайда сондай құтылғың келсе
үндеме,

Жүрек жоқ онда...

Темір ме?..

Тас па?..

Бірдеңе...

Аузыңа, достым, абай бол егер сол ағаң,
Алшаң да басып қонжия қалса іргеңе.

Жеңгеміз берген қотарып алып
сорпаны,
Бақытжан ағам түнімен көше
жортады.

Кемпір-шалы мен баласы түгіл
Балқаштың,
Бандиттері де өлердей одан қорқады.

Үкідей ұшып, түнімен еркін
самғаған,
Келеді ағам қызара бөртіп таңда аман.
...Қасына сол бір ағамнан сұсты
қорықпай,
Жеңгеміз қалай жатып жүр екен...
таң қалам?!.

Күңірлік

Қанағат қып жалғыз-ақ соқыр атын,
Намазын қаза қылмай оқып әр күн.
Бәкір қарт шырт түкіріп керегеден,
«Тәңірім, бере гөр» деп отыратын.

Тегінде бітпеген-ау шалға мүлік,
Жоқ әлде алдаған ба жалған үміт,
«Тәңірім, бере гөр» деп күңіреніп,
Бәкір қарт отыратын жалбарынып.

Болған соң мінәжаты көптігінен,
Мейірімін Алла оған төкті кілең.
Сауда қылып үш ұлы байып кетті,
Жаратқанға үні оның жетті білем.

Айтпағанда ақшасын, басқасын да,
Жеміс толы ғажайып бақшасын да,
Соқыр атқа мінгескен үш ұлының
Көліктері бар бүгін бас басында.

Аяқ асты бағы да жанып тіптен,
Бәкір шалды таниды халық біткен.
Жығылмайды ол бүгінде намазына,
Алладан алатынын алып біткен.



* * *

Жарық түспес жар – қабақ,
Мекен болған далада.
Жек көрді деп жарғанат,
Күнге қырын қарама.

Үні өшті деп ылаңның,
Салғырттыққа салынба.
Жиырылғаны жыланның –
Оқталғаны шағуға.

Жанын жаулап нөпір мұң,
Бордай езген ой, нала.
Ақысын жеп жетімнің,
Жетілем деп ойлама.

Белін буып бекініп,
Бақ қонса да басыңа,
Көбіктейін көпіріп,
Шолақ сайдай тасыма!



Махамбетке

Елең де алаң күн туған кезде,
Ту етіп биік намысын.
Бұғауда халқым қылқынған кезде,
Қорғаны болған арысым.

«Егеулі найза қолына алып»,
Етікпен Еділ кешкен ер.
Бүгінде Қараой жонына барып,
Ерлігіңді ұрпақ ескерер.

Ардагер баба!
Түр-өңің елес,
Жырларың сырлы жебе еді.
Сұлтанға сенің жүрегің емес,
Өр басың бопты керегі.

Ұғынып тым кеш алданғанына,
Қайран да қайран жасын ер.
Арманда өткен жалғаннан мына
Азаттық аңсап асыл ер.

Жақының түгіл жатыңды ұрмас,
Бұл сұлтан неткен «ер» еді.
Керек болды оған ақылды бір бас,
Басыңды алған себебі.



Әкімдеріңнің (жай көз де көрсін),
Қашанда толық есебі.
Ақындарыңның қай кезде болсын,
Маңдайда соры бес елі.

Елең де алаң күн туған кезде,
Ту етіп биік намысын.
Бұғауда халқым бұлқынған кезде,
Қорғаны болған арысым.

«Тұнығы жырдың тұмадай болса»,
деймін де ойға батам көп.
Ақындық шыңы – ұлы Абай болса,
Ерліктің шыңы – Махамбет!





Құнытастағы жазу

«Бір күлермін ғарыш
жаққа кетерде...»
Жұматай

Өлгендердің санатына қос, күнім,
Мен өлгенмін – жасын түсіп жүрекке.
Сенің мұңлы жоқтауыңды естідім,
Еніп бара жатып лақат-түнекке.

Пендең едім алшаң басқан ісініп,
Бұйырмасын білсем-дағы орта бақ.
Түлкі-өмірдің түбі алдарын түсініп,
Кете барғам арманымды арқалап.

...Жырымды оқып, мөнін ұқпай
шет қағып,
Сырымды айттым... түсінбеді
сырт өңір.
Мәңгілікті мәңгілікке бетке алып,
Мен де саған күліп кеттім, қырт өмір...



Аманатқа адалдық

«Қаратаудың басынан
көш келеді...»
Қожаберген жырау

Бабамның аманаты – жақұт далам,
Тасыңнан да таңбалы бақыт табам.
Қаратаудың басынан құлаған көш
Шалдығып, жетті-ау осы
уақытқа аман.

Жетті-ау осы керімсал кезеңге есен,
Жатқа кеткен қайтқандай
ежелгі есем.

Бұлдырықтай бытырап,
Жел айдаған,
Көшкен бұлт та – көшпенді ұлт
сезем десең.

Болмаса да өзгеден тұрқың кіші,
Жақтырмайтын жат ел көп
ғұрпыңды іші.

Даламның кеңдігімен өлшенеді
Бабамның ерлігі мен ілкімді ісі.

Көз алартып айман боз даласына,
Тепсінгенді түсірген сабасына.



Баһадүр бабалар-ай, қол түгілі,
Тигізбеген шаң да асыл жағасына.

Қарындастың қамы үшін Ұлыспенен,
Күн астында күні өткен ұрыспенен.
Көш соңында түн қатқан бабамыздың,
Тұлпары да тұрақтап су ішпеген.

Жау тисе де түнеріп түменменен,
Теңелем деп іргелес ірі елменен,
Жер түбінен жерұйық іздеп шыққан,
Салқар көші тұйыққа тірелмеген.

Кең даланың көрген соң көп күнесін,
Атаныңды амалсыз шөктіресің.
Қаратаудың басынан бастау алған
Жүре-жүре түзеліп кетті көшім.

Тар жол, тайғақ кешсе де текті еліміз,
Жарасын жалап жазған көк бөріміз.
Боз жусандай бүр ашып, қайта гүлдер
Келді, міне, көкорай **КӨКТЕМІМІЗ!**

Келді, міне, асар шақ ұлтым **БЕЛЕС,**
Ұмыт қалып кешегі күн-түнгі егес.
Көнеден – келешекке көктей өткен
Көштің тоқтап қалуы мүмкін емес.

Ақ пен қара алмасқан заманда ірі,
Бабалардан қалған іс – әманда **ҰЛЫ.**
Жүгіміз жолда қалмас,
Аман болса,
АЛАШТЫҢ АМАНАТҚА АДАЛ ҰЛЫ!



Азаттық жырғы

Төк, Тәңірім, нұрыңды,
Шарықта елдің сазды өні.
Өлгеніміз – тірілді,
Өшкеніміз – маздады.

Керек пе енді бос күмән?
Бүтінделді жартымыз.
Алты қырдың астынан
Асып түсті даңқымыз.

Жат жанынан түңілді,
Парыз да жоқ өтелмес.
Бет-беделді бүгінгі
Алпыс атан көтермес.

Көк туымыз желбіреп,
Көкте күн де шат күлді.
Жүрегіміз елжіреп,
Жарылуға шақ тұрды.

Тарқамаған базары
Елден Ерім бата алды.
Астананың ажары
Жалт қаратты жаһанды.


Бағымызды асырдық,
Әділетке жүгіндік.



Алақандай ашылдық,
Жұдырықтай жұмылдық.

Біз секілді әр елге,
Төрден орын тиіп пе?..
Түбіріміз – тереңде,
Тұғырымыз – биікте!

Дәстүріміз жаңғырып,
Туды ғажап күніміз.
Жаса бізбен мәңгілік,
ҰЛТТЫҚ АЗАТТЫҒЫМЫЗ!





Жеруіық

Бабалар-ай, тұмадай тұнық күннен
Кісінетіп күміс жал күлік мінген.
Ата жауын алысқа түріп тастап,
Ордасына алшаңдап күліп кірген.

Сар далада сан жортып сағым ұшқан,
Қарасынан жаланған жау ығысқан.
Айбалтасын суырып ай астында,
Дулығасы күнменен шағылысқан.

Бабалар-ай, не деген құдіретті ең,
Қия-шыңды қырандай тұғыр еткен!
Азаттықтың жолында аттан түспей,
Арғымақтың жалында ғұмыры өткен.

Ердің егер тимесе елге себі,
Еркіндігім еншім боп келмес еді.
Ұрпағыңның айналды ұясына
Сен қызғыштай қорыған жер кешегі.

Артта қалып қиындық, азап біткен,
Атамекен бүгінде азат тіптен.
Ақ Ордамыз аспанмен астасып тұр,
Қараөткелдің бойына Қазақ тіккен!



«Елдігімді қалайда тұрақты етем»,
Бұдан өзге жоқ бізде мұрат бөтен.
Абаттанған Астана болар бөлкім,
Асан қайғы іздеген жұмақ мекен!





О. Жүнісұлына

**«А-хау, Гүлдерайым,
Күн мен айым,
Үшуға қанатым жоқ, неғылайын?»**

Осы бір әнге салса Орағамыз,
Күнкіл-шүңкіл бос сөзді доғарамыз.
Қайран сері күндерін есіне алған
Оркеңе ұқсап мұңдылау боп аламыз.

«Гүлдерай» -ға салса Оркең таң қылады,
Қанғандай күй кешесің жан құмары.
Ағамыздың өніне елтігендей,
Көкше көлдің толқыны жарды ұрады.

«Тына ма екен өңешін жыртып барып,
Көкше көлдің құстарын үркітті анық.
Дауысы зор, ө, – дейді, – ағамыздың»
Қамбар мені бүйірден түртіп қалып.

Үйреніп қалған тілім сайрап та кіл,
«Осы әндей ән шырқалмас
аймақта бұл,
Гүлдарифа, – деймін мен, –
бар ма өмірде,
Бар болса, айтшы, ағатай,
қай жақта жүр?»



Дейді Оркең: «Алма мойын,
лағыл айым,
Десем сол қыз қасынан табылайын,
Алматы асып кетіпті, жете алмадым,
«Үшуға қанатым жоқ, неғылайын?»»

Күш алсам да рухты бір ұлы күштен,
Алысқандай күй кешіп Ібіліспен.
«Үшуға қанаты жоқ» ағамды аяп,
Отырамын күйзеліп тынып іштен.

«...Пері де сері көңіл жырақтағы
Кейіннен жеңгеңе кеп тұрақтады»
Деп ағамыз қыранша қомданады,
«Үшуға қанаты жоқ» бірақ-тағы...





Жалқы қайнар

(Ә. Кәріпбаевқа)

Әбеке, ақын едің алтын айдар,
Күн туса қамын емес, халқын ойлар.
Өзіңсің өлең болып тұнып аққан
Балқаштың бауырындағы
жалқы қайнар.

Шайыр ең құралған тек күні аңыздан,
Жаныңның жылғасынан
жыр ағызған.

Дүлдүлдей дүбір тілеп,
Аламанда
Шабытың Шалқұйрықтай
шыға қызған.

Кезің жоқ шарайнадай сынып түскен,
Келесің етемін деп ғұрыпты үстем.
Жырларың жай оғындай
жарқыл қағып,
Тексізді тезге салып тіліп түскен.

Алса да көп ақынды матап күшің,
Дақпырт пен жақтырмайды
шатақты ішің.

Ел үшін – сыйлықсызда-ақ
сыйың бөлек,
Мен үшін – атақсыз да-ақ атақтысың!



Ғұмырдың қалса да артта
алты асқары,
Топ бастар құлжадайсың жартастағы.
Жүрегің жүзге дейін жыр деп соқсын,
«Қожасы» қара өлеңнің Балқаштағы!





Туған жер

*Жарлысы мен байы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай...*

Қазтуған

Атырабы – анық бай,
Топырағы – мамықтай,
Жапырағы – миядай,
Шоқылары – қиядай
Менің туған жерімнің!

Ат құлағы – пішені,
Ақ бұлағы – кісі емі,
Азаматы – келісті,
Қазанаты – желісті
Менің туған жерімнің!

Бүлдіргені – тобықтай,
Гүлдің көбі – қорықтай,
Жебе жетпес шыңына,
Төбе жетпес құмына
Менің туған жерімнің!



Қыран ұшқан көгі бар,
Құрақ ұшқан елі бар,
Тас-құмы да аш қылмас,
Қасқыры да қас қылмас
Менің туған жерімнің!





* * *

Сарытерегім...
Саумал бұлақ, сайқын төс,
даңқы еренім.
Тарихың тұр тасында таңбаланып,
Әрбір шоқы, әрбір тау, әр төбенің...

Атыңнан мың...
Айналып... шабытымды
шақырғанмын.
Сүйегіне сөз сіңген сүлейлер мен
Атажұрты аймаңдай ақындардың!

Жатыр маңда...
Мәңгілікті мекендеп батырлар да.
Ата жаудың атын да қан сидірген,
Аю бабам аюдай ақырғанда.

Тағдыры ұлы...
Ұлтқа деген болмаса жан жылуы,
Желтаудың етегінде туған ұлдың*
Жел өтінде неге өтті бар ғұмыры?!

Ұлылықтың...
Бір өзіңнен осындай сырын ұқтым.
Еңбегімен еленген ерлеріңнен
Көрдім алғаш үлгісін іріліктің!



Шашыраған...

Тауың тұрмақ болса екен тасың аман.

Екіталай еліме күн туғанда,

Ақбидайың еді ғой асыраған!

Жырды еңселі...

Арнап... әнге қоспады кімдер сені?!

Сарыарқаның саялы Сарытерегі –

Жүрегімнің кішкентай бір бөлшегі!





Құмсағат

Жалқаулық жанын тұмшалап,
Өткенді берер кім санап?!
Ұғам деп парқын уақыттың,
Бөлмеме қойдым құмсағат.

Бағынбай ерік-сезімге,
Бесіннен бастап көз ілме.
Құмсағат белді қыздарға
Қырғидай тиер кезінде.

Өмірде мына құты бар,
Кім ұтып, кімдер ұтылар?!
Уақытқа түбі барлығы
Құмсағат құсап жұтылар...





Көктем

Сезімі Күнге ушығып,
Ұйқыдан тұрды тіршілік.
Тас екеш қара тастан да
Бұрқырап жатыр бу шығып.

Шуаққа, нұрға бөленбей,
Қыс бойы тұрған еленбей.
Құлпырды қыздай тал-қайың,
«Күніміз туды» дегендей.

Түгендеп төлін бөрікті ұл,
Бусанып жатыр еріп қыр.
Көрікті менің көктемім,
Құстарын ертіп келіп тұр...





Наурыз жыры

Кел, Наурыз!
Маздат отын тірліктің!
Қыстай жанға шуақ сыйлар
нұр күттім.
Сенсіз мына жер-жаһанды жасартып,
Өңірімді өрнектейді гүл қып кім?!

Кел, Наурыз!
Өлкемізге өң беріп!
Жерге – шуақ,
Елге – қуат,
Дем беріп.
Пенделердің қатып қалған жүрегін
Самарқанның көк тасындай
кел де еріт.

Кел, Наурыз!
Ақ бұлақтай алқынып!
Күндерінді бірге ала кел бал, тымық.
Сені күтіп шыдам шыттай шытынап,
Сары алтындай сабырды да сарқыдық.

Кел, Наурыз!
Ырысыңды ап жет елге!
Тынышыңды алмау үшін бекерге.
Өңіріне қада менің даламның
Көз тоймайтын гүлдерінді әкел де.



Кел, Наурыз!

Салтанат пен сән құрып!

Ән мен күйден далам жатсын

жаңғырып.

Көрсет менің сауық құмар, той құмар

Өр елімнің тек өзіне тән қылық.

Кел, Наурыз!

Маздат отын тірліктің!

Қыстай жанға шуақ сыйлар

нұр күттім.

Сенсіз мына жер-жаһанды жасартып,

Өңірімді өрнектейді гүл қып кім?!

Кел, Наурыз!

Маздат отын тірліктің!





Ағаға арнау

(А. Елжасұлына)

Мінезге болса егер де бай бір адам,
Ол сенсің – айналайын Айдын ағам.
Жылынған жан нұрыңа шұғылалы
Талай бір атақты адам, әйгілі адам.

Жақсыға жасамаған бөтендігін,
Болаттай болмысың бар бекем, мығым.
Келеді келелі ісің дәлелдеумен
Қолы ашықтың – жолы ашық
екендігін.

Айналып Алашыңның ардағына,
Елудің жеттің аман таңдарына.
Сенімді серік болған Серкем едің
Заманның Заманбектей заңғарына.

Ай-ағам!
Аяулы ағам!
Айдын ағам!
Көгіңде тұрсын мәңгі Ай-Күн аман!
Бауыр деп бауырыңа басып өркез,
Айқара құшағыңды жайдың маған.

Қырың бар жігітке тән жан-жақтылы,
Өзің де, сөздерің де салмақты, ірі.
Жеткейсін шалдықпастан екі елуге,
Албанның алшаң басқан ардақты ұлы!



Қулазу

Оңашада мұңға батып не түрлі,
Өз ойымнан өзім кейде жабығам.
Ақ таяқты ат қып мінген кекілді,
Сосын... со-на-у бал күнімді сағынам.

Сағынамын алға қойған мұратын,
Күндерімді кеудеге арман күй сіңген.
Мәңгі жасыл балауса боп тұратын
Шыршалардың тірлігіне сүйсінем.

Мен аңсаған ертегі өмір осы ма?
Онда бұдан таппадым еш жарасым.
Нала-мұңды үйіп беріп басыма,
Құлын күнім, қайда желіп барасың?!

...Қайтып енді келместі аңсап
«шіркін» деп,
Өкінгенмен кімге артарсың өкпені?!
Өтіп жатыр, (амал қанша), біртіндеп,
Менің балғын ғұмырымның көктемі...





* * *

Өткенге өкпемен қарама,
Кетпесін бекерге мазаң көп.
Қайтесің тұз сеуіп жараңа,
Жаба сал жабулы қазан деп.

Ертең-ақ бұйырар ырыс-бақ,
Не керек кездіктей кетіліп?!
Күйшідей тұлғанды тік ұстап,
Бишідей күліп жүр өтірік.

Сеніп тек бойдағы ұшқынға,
Өмірді өлгенше ұлықта.
Артынан қаһарлы қыстың да
Көктемнің келерін ұмытпа...





Әнжелеріме

Жалғыздық көрер жерім жоқ
өздерің барда,
Көбейтсе екен бақытты
кездеріңді Алла.

Көбейтсе екен шуақты
таңдарыңды әсем,
Шықсандар екен өмірдің
заңғарына есен.

Соңымнан ерген інім мен
жоқ болса да ағам,
Аттасаңдар да келін боп ақ босағадан, –

Сендермен ғана өтіпті әр күнім керім,
Сендермен ғана көрікті
тағдырым менің.

Ер жетіп мейлі, болса да
балам, жарым бар,
Табаныма тас батса алаңдадыңдар.

Тырнағым сынса кескендей
білектеріңді,
Қанжардай осты сендердің
жүректеріңді.



Түймедей менің ісімді
жарты бақ көріп,
Сапардан келсем құштыңдар
аңқылдап келіп.

«Жалғыз» деп мені бәрінен
биік қойдыңдар,
Қажеттің бәрін жолыма
үйіп қойдыңдар.

Осының бәрі (қалайша
жасыра аламын),
Тәлімі берген әкем мен асыл анамның.

Бәрінде әпке бар шығар ірі атқа теңдер,
Бөлектеусіңдер бәрінен
бірақ та сендер.

Мейірім тұнған өзгеден
түрлерің бөлек,
Жаныма жарық сыйлайтын
үндерің ерек.

Бағым да ұшпас мәңгілік
басымнан менің,
Төртеуің түгел болсаңдар
қасымда менің.



Енді неге алаңсыз ойнап жүріп,
Жасырынған жеріңнен
шықпай қалдың?..

III

...Содан бері ай аунап, жыл айналды,
Сені іздеумен бар ісім былай қалды.
Таппағаннан көңілге кірбің кірді,
Тұнық деген сезімім ылайланды.

Жиып алып жаныма төмам елді,
Іздеуге де келмейді-ау шамам енді.
Өйткені құлыншақтай құлдыраңдап,
Жасырынбақ ойнап жүр балам енді...





Еркеназ

Еркем менің!
Кіп-кішкентай елігім!
Сенің балдай қылығыңа ерідім.
Келер күнің ертегіге айналып,
Қыздырса екен шаттығыңның көрігін.

Ізім менің!
Қызым менің!
Ақ балам!
Жырым сендік жылдар бойы жаттаған.
Жақсы болсаң – қайғы-мұң да жат маған,
Жаман болсаң – қара жердей тапталам.

Күнім менің!
Гүлім менің!
Өз балам!
Көрейін тек кездеріңді маздаған.
Қыз тартуы міндетті емес әкеге,
Анаңа ұқсап әдемі бол аздаған.

Еркем менің!
Назым менің!
Алтыным!
Ұсынайын жанарымның жарқылын.
Адалдықтың туын төмен түсірме,
Адамдықтың игеріп өс сан түрін.




Еркем менің!
Кіп-кішкентай құлыным.
Сезімімнің бойға сіңір тұнығын.
Әкең менен анаң барда қасыңда,
Шаттығыңды ұрлай алмас ұры күн.
Еркем менің!
Кіп-кішкентай құлыным!





Соны ойлап көңіл күпті алабөтен,
(Жанымды мұңмен
жұптаған ба екен?)
...Ақынның егер азабын артса,
Атанға қанша жүк болар екен?!





Екінші бөлім

*Сымбатың жауын ап
жанардың...*



Көршінің қызы

Бала едік онда бозөкпе,
Шала едік әлі піспеген.
Өкініш толып өзекке,
Жүрекке әжім түспеген.

Сезімнің қылын ерте біз,
Шертіппіз келмей күйіміз.
Үйіңмен сенің, ерке қыз,
Көрші еді біздің үйіміз.

Бөліске салған артығын
Көрші едік тұрған жарасып.
Көріспей қалсақ жарты күн,
Қалатындай-ек адасып.

Өзімнен сені жеке алып,
Көрмеппін әсте шеттеп мен.
Мектепке бірге бет алып,
Қайтушы ек бірге мектептен.

Гүліндей болсын қырлардың,
Жетпейтін саған көп құрбың.
Көз сүзген барлық ұлдардың
Келетін мұрнын бет қылғым.



Мен үшін ғана жаралған
Бағым деп сені білуші ем.
Сыртыңнан оқтай қадалған
Сұқ көзден қорғап жүруші ем.

Жүруші ем бірге, жан құрбым,
Сезімді келмей кірлеткім.
Ақыры бізді тағдырдың
Тынарын бөліп білмеппін...





Кыз сөзі

«Жалған бөрі...

Кім бар дейсің өмірде жанған бағы».

Жүрекке мұң, жанарға жас іркіліп,

Солай деймін өзіңнен алданғалы.

«Күтпе!» дедің...

Үкілі үмітімді жүктеп едім.

Күзге жетпей сарғайған жапырақпын,

Саған енді жоқ, білем, түк керегім.

Арман екен...

Деген күнім «Өмірде самғап өтем»,

Қайран балғын арманым қолын бұлғап,

Менен мәңгі ажырап қалған екен.

Есіміңді...

Енді ойладым санамнан өшіруді.

Махаббат пен ғұмырдың баянсызын

Жазған басым, қайтейін, кеш ұғынды...



Түсінерсің жанымды...

Сабырымды сарқыдың,
Жалыныңды шарпыдым.
Түсіргейсің жаныма
Жарығыңды, жарқыным.

Қыз дегенім – ең керім,
Іздегенім сен бе едің?
Сені көріп емі жоқ
Кеселдейін меңдедім.

Бойыңда ағып нұрлы ағын,
Ойымды алып сырлы өнің.
Шырайлым-ау, шырқымды ап,
Шырмауықтай шырмадың.

Түсінерсің халімді,
Кісі дерсің жалынды.
Сені көріп жүрегім
Жүрісінен жаңылды.

Сүттен аппақ арың бар,
Күткен аптап жаның бар.
Сенсіз қалай күнелткем,
Әлі күнге таңым бар.

Сабырымды сарқыдың,
Жалыныңды шарпыдым.



Түсіргейсің жаныма
Жарығыңды, жарқыным.

Үніңде екен нәзіктік,
Түрінде екен нәзіктік.
Шыр айналдым асаудай,
Сені, қалқам, қазық қып.

Сертім де енді жалынды,
Дертім де енді мәлім-ді.
Өзің тапқын бір емін,
Текке ауыртпай жанымды...





* * *

Сөзімді тыңда сеніп, қарағым,
Төзімнің бұзып берік қамалын.
Өмірден де өңді өзіңді көріп,
Сары майдайын еріп барамын.

Тал бойың тұнып қылыққа керім,
Тұмадай жаның тұнық па дедім.
Көркіне көптің көз байланса да,
Өзімді бұлай ұмытпап едім.

Қалғандай құрып амалым менің,
Тоғысар тағдыр-таланым ба едің?!
Өзіңді көріп ұмыттым бәрін,
Жаз жазиралы жамалым менің.

Жаныма жарық өң бере келдің,
Толқындай толқып тербеле бердім.
Өмірге мына өзіңді, жаным,
Көруге ғана келмеген едім.

Сондықтан көңіл танысатындай,
Қос жүрек мәңгі табысатындай.
Қасымнан, қалқам, ұзасаң егер,
Басымнан менің бақ ұшатындай.



Ақ қардан аппақ құлын денелім,
Күннен де көркем күлімдегенің.
Бауырыма басып аймалар едім,
Ауылыңа қашан ұрын келемін?!





Мергуертке

Орын алып төрінен жүрегімнің,
Көркіне көрік қостың бұл өмірдің.
Менің ең бір шуақты сәтім екен
Салмағын сезген күнім білегіңнің.

Көң боп қатқан көңілдің тоңы жібіп,
Жыр оқыдым жауһардай төгілдіріп.
Өзің маған жолыққан күннен бастап
Сала берді өмірдің өңі кіріп.

Сала берді құлпырып дала, бел де,
Сен жайлы айтты даламның
самалы елге.
Өзің болсаң қасымда жеткілікті,
Керек емес өмірде маған өңге.

Сен бар болсаң мен күндей
күліп тұрам,
Қалыбымда тұмадай тұнып тұрам.
Сен жоқ болсаң бастаған ісім өнбей,
Баладай бірдеңені былықтырам.

Сен екенсің берекем, базарым да,
Елге ұнаған ғажайып ғазалым да.
Сен бар болсаң, орын жоқ жүрегімде
Өкінішке,
Қайғыға,
Аза-мұңға.



Сен болмасаң тырна-мұң тізбектеліп,
Көңілімді жатады мұз бөктеріп.
Өзің болсаң өмірім жазға айналар,
Басынан бір-ақ сәтте күзді өткеріп.

Менің кейбір «жыным» мен
«жарлығыма»

Төзіп. Көніп келесің барлығына.
Алғысымның шегі жоқ даладайын,
Сені маған сыйлаған тағдырыма.





* * *

Сымбатың жауын ап жанардың,
Қарадым көз алмай көркіңе.
Қалауын көңілдің табар мың,
Мен едім берік жан сертіне.

Мен үшін
(артық бұл демессің)
Ай да өзің.
Күн де өзің,
Жұлдыз да.
Елжірей еріген емеспін
Өмірі дәл былай бір қызға.

Алыстан көргенде-ақ қараңды,
Толқиды толқындай көңілім.
Айсыз аспандай қараңғы
Секілді өзіңсіз өмірім.

Өзіңмен әрленіп әр айым,
Жанымның ем тауып дертіне.
Қаласаң қасыңда қалайын,
Өмірлік өртеніп өртіңе...



* * *

*«Өтпесе түн,
атпаса екен таңы да...»*

Мағжан

Жаным менің тастап шығып тәнімді,
Көзімді ілсем саған құстай ұшады.
Таң атқанша сенің оттай жалынды
Ақ денеңді аймалайды, құшады.

Ал сен болсаң, сезесің бе, білмеймін,
Жымиясың қан жүгіріп бетіңе.
Бізді айырған тағдырымды тілдеймін,
Қарлығаштың құйрығындай екіге.

Содан кейін жақсы сөзді боратам,
Махаббаттың сүттей ұйып әніне.
Түні бойы бірге болып, таң ата
Жаным қайтып оралады тәніме.

Жігер құм боп, талай мәрте мұңайдым,
Асығыстау таң сімерлеп кеп қалып.
Күні бойы жүрем сосын
«Құдайдың
Күні неге батпай қойды» деп налып...



Аялдамадағы ару


Аялдама. Аспан тағы жылап тұр,
Есіне алып өткені мен кеткенін.
Маңай мүлгіп тыныштықты құрап тұр,
Тек тамшылар шертті мұңлы
шектерін.

Бір ару кеп тұрды-дағы жанаса,
(Құралай көз, алау ерін, бұрымды)
Бейне маған түс дегендей араша,
Мен ұстаған қол шатырға тығылды.

Күн дидарлы көркіңмен таң
қалдырдың,
Соғуы да жиіледі жүректің.
Сені қайдам, ал мен болсам
жаңбырдың,
(Бар болғаны) басылмауын тілеппін.

Өзің жақтан есті ме екен жылылық,
Тұра бергім келді осылай сенімен.
Мөлдір нәркес көздеріңнен сыр ұғып,
Еріп барам оттай ыстық деміңнен.

«Шырақ алып кезсем таппас қызбенен
танысайын» деген ойды бетке алып:
«Танысуға бола ма екен сізбенен?»
Деп болғанша «70» келіп кетті алып.



...Арманымды ертеректеу қайырған,
Тағдырыма өкпе-наз бар ептеген.
Содан бері сені менен айырған
Жетпісінші автобусты жек көрем!





Отіміш

...Жә, жетер, ақталмаңыз.
Сылдыр сөзбен мені емес
жатты алдаңыз.
Жұдырықтай жүректің түкпірінде
Сүп-сүйкімді бейне боп сақталған қыз.

Қинамаңыз...
Мен жайлы ешбір ақпар жинамаңыз.
Адам деген пенде ғой,
Пенде біткен,
Жел сөзге ақиқаттай иланамыз.

Адаспаңыз..
Ақ жолынан адамдық әрі аспаңыз.
Мен жайлы өрби қалса әңгіме егер,
Танымайтын адамдай жақ ашпаңыз.

...Текке мені сөкпеңіз.
Сезіміміз көктемеді.
Өңім түгіл түсімде енді мені
мазалаудың, өтінем, жоқ керегі!



Жігіт сөзі

Жарасымды жандар ек жаны бірге,
Жарасымды жандар ек жаны бірге,
Кетіппіз әркім бөлек салып ірге.
Есігін жүрегіңнің айқара ашып,
Сен мені күтемісің әлі күнге?

Сен мені күтемісің әлі, жаным?
Шымдай батып жайдарлы жаныңа мұң.
Ертелі-кеш мені іздеп шырқай салған
Алыстан жететіндей талып әнің.

Сен мені күтемісің бұрынғыдай?
Жырларымнан аңғарып сырымды ұдай.
Жолымызды біздердің екі айырып,
Өзіне бақ тапты екен жырынды қай?

Менсіз өткен мән болмай кешіңде түк,
Сен мені күтемісің есің кетіп?
Тағдыр біздің о баста-ақ тар маңдайға
Жарлығын жазған екен кесімді етіп.

Сен мені күтемісің, жаным, әлі?
Сезіміңнің сейілмей сағымы әлі.
Бізді ұқса тек бір-бірін сүйе тұрып,
Әріге ұзай алмаған жан ұғады.



Тіршіліктің тоқтамай аяңы сәт,
Мейлі алыста-ақ қап қойсын баяғы шақ.
Құшағыма еркелей енемісің,
Баяғыша қарсы алып жая құшақ.

Жарасымды жандар ек жаны бірге,
Кетіппіз әркім бөлек салып ірге.
Есігін жүрегіңнің айқара ашып,
Сен мені күтемісің әлі күнге?
Сен мені күтемісің әлі күнге?!





Сағыныш

Сұрықсыз күндер өтіп сабылысқан,
Сарғалдақтай сарғайдым сағыныштан.

Ұлпа мұңға жүректен төр ұсынып,
Жан – жадау, арман – алаң,
көңіл – сынық.

Өзіңді аңсап жаным да жалқынданар,
Сенсіз өмір қоңыр күз салқын жанар


екендігін ілкіде-ақ түсінген ем,
Сезімге селкеу содан түсірмеп ем.

Мен ақ қардай ақ едім азандағы,
Сен бір жан ең сол қардай таза арманы,

Екеумізді жүретін бал аштырып,
Ғапыл өмір тынды ақыр адастырып.

Терезесін көңілдің қырау шалып,
Сені іздедім жаһаннан сұрау салып.

Сезімге серттей берік жан арманым,
Сені іздедім шарқ ұрып таба алмадым.



Үшінші бөлім

Дидарғайып



Дударғайып

(Поэма)

*Аяулы анам
Тілеухор Қапасқызына
арнаймын*

Пролог

Жиырма деген толмастан

жасқа толық,

Қара бұлты қайғының басқа төніп.

Жас ана отыр қан жұтып, зар еңіреп,

Егілгенде етегі жасқа толып.

Жас ана отыр жүрегін тіліп қайғы,

(Ұқпаса оны тасжүрек, сұм ұқпайды)

Жүрегіне жазылмас жара салған

Мәңгіге енді бұл күнді Ол ұмытпайды.

Тауқыметті талайлы тағдырына,

Тірі жанға тән заттың барлығына,

Қарғыс айтып егіліп, жас ана отыр,

Білесің бе, неге үні зарлы мына?

Білесің бе, неге енді Ол езіледі?

Бәрінен де баз кешіп, безінеді?

Жиырмаға жаңа жеткен жас арудың

Өмірден түңілетін кезі ме еді?



Жүрегі неге енді оның қайғы алаңы?
Неліктен шырқамайды
жайдары әнді?

Шаттығын ұрлаған кім тымық күнде,
Баяғы шат күлкісі қайда қалды?

Қайда қалды бал күні тамаша әлгі?
Неге сонша аспаны аласарды?
Неліктен тағдыр оны қырына алып,
Жүрегіне жазылмас жара салды?

Өзегіне өрт түсіп,
Тырнап қайғы,
Жанын неге нала-мұң құндақтайды?
Қабырғасы қайысып,
Жанарының
Жасын неге бір сөтке құрғатпайды?

Білесің бе сен оны, тауым, далам?
Неге сонша күйреді сауында адам?
Білесің бе сен оны?
Мен білемін.
Бірақ оны еске алу ауыр маған.

Әжім түсіп әп-сәтте гүл өңіне,
Қайғы-қанжар қадалып жүрегіне,
Білесің бе неліктен зар иледі Ол,
Қасіреттің қамалып түнегіне?

Не себепті таусылып төзімі енді,
Үмітін үсік шалып, сезімі өлді?
Білесің бе?
Білмесең мен айтайын,
Мен айтайын, құлақ ас сөзіме енді.



I

Бетінен жел де қақпаған, көрмеген
жасып көңілі,
Бір үйдің ерке қызы еді, ертегі сынды
өмірі.

Ертегі сынды өмірі болатын толы
ғажапқа,
Жаны да тыныш. Кешпеген қиындық,
қорлық, азап та.

Әке мен ана қасында көрмегендіктен
таршылық,
Кетпеген еді ол кезде бойынан еріп
қарша үміт.

Қолтықтан демеп үміті, жетелеп
арман қияға,
Бойжеткен еді алаңсыз аяулы алтын
ұяда.

Алаңсыз алтын ұяда бойжеткен өжет
қыз еді,
Деседі оған еліктеп, талай қыз бойын
түзеді.

Тұрады екен алдында міңгірлеп,
шықпай сөзі анық,
Тілдерін жұтып қойғандай бозбала
біткен бозарып.



Қараған жанның еркін ап, жанарын
байлап ажары,
Үнемі ауа беріпті ел-жұрттың оған
назары.

Он беске жасы жеткенше ешкімнің
жетпей батылы,
Аңыз боп тарап кетіпті ажары менен
ақылы...

...Күндердің күні ауылына жоқ іздеп
келіп бір «бала»,
Үйінен сусын ішіпті. Қарапты сонда
Ол ұрлана.

Қарапты сонда ұрлана жігітке тілеп
жеңісті,
Өйткені ол бір жас екен жігерлі, отты,
келісті.

Бөлектеу екен өзгеден қырандай отты
жанары,
Бозбала екен өзімен шамалас әрі
саналы.

Ұғысып іштей екеуі, бір-бірін
сонда-ақ ұнатып,
Жүректерінде бір сезім сала беріпті
бұр атып.

Үйлесім тауып жандары, шақырып
арман екеуін,
Сезімдерінің сезіпті тамшыдай таза
екенін.



Жанарымен-ақ серттесіп, қауышып
қызбен ақ маңдай,
Жігіт те атқа қоныпты іздеген жоғын
тапқандай...

II

Айыртастың аялап, ақ таңдары
арайлы,
Асқарлары көк тіреп, маңғаздана
қарайды.

Ақ селеуі қырлардың ақ самалмен
ырғалып,
Туған жердің обалар тыныштығын
тұр бағып.

Жалбарынып Тәңірге, жайып бұтақ-
қолдарын,
Тал-қайыңдар тілейді оталмауын
орманның.

Сайын дала керіліп, айқара ашып
құшағын,
Тыңдайды елтіп сан алуан
құйқылжыған құс өнін.

Туған жердің еркесі – асыр салып
бұлақтар,
Қаңбақ біткен қаңғып жүр орын
таппай тұрақтар.



Жұпары аңқып жусанның, бойы
балқып шіліктің,
Нұрын төгіп қарайды, тас төбеден
күліп күн...

...Жанарды арбап алыстан, көзге
бірден шалынып,
Жалғыз үй тұр жапанда күн нұрына
малынып.

Көрік беріп далаға, самал желпіп
түндігін,
Асқақтайды ақ отау, бойға жиып
күн нұрын.

Ақ отаудың иесі – баяғы ынтық
қыз-жігіт,
Бас құраған ғашық боп, бір-біріне
үздігіп.

Сол отаудың ақерке күйі болып
шертіліп,
Екі ұл, бір қыз өсуде берекесін
келтіріп.

Үш баланың қылығын, қызықтаумен
үндерін,
Өткізуде екеуі ең бақытты күндерін.

Зияны жоқ олардың адам түгіл құсқа да,
Бар байлығы – ошақтың үш бұтындай
үш бала.



III

Тамыздың тамылжыған тымық таңы,
Дидарын дүниенің құбылт көні.
Көңілін кір шалмаған ата-ана үшін
Баласының жанға азық қылықтары,
Баласынан басқаның ұмыт бөрі.

Алпамыстай алысар сан алыппен,
Қашан да ұлдан ерлікті дала күткен.
Адам аз ба өмірде жылдар бойы,
Жаратқаннан жалынып бала күткен.
Өміріне өң берер бауырындағы –
Баласымен бақытты ана біткен!

Сар далам!
Сағым далам!
Сайын далам!
Күнің де есен, көктегі айың да аман.
Топырағыңда келеді тамыр жайып,
Білместен мұң, қасірет жайында адам.
Бақыттан басы айналған екеуіне
Алда қандай сыйың бар дайындаған?..

IV

Жас ананың жетелеп сенімі алға,
Күндер өтіп барады керіп арна.
Азаннан жанына алғау үш баласы,
Сүйенері, сенері – ері малда.

Ері малда.
Қоғамның жұмысында.
«Тәубе» дейді Тәңірдің бұнысын да.



О бастан-ақ тәубешіл ел емес пе ек,
Малдан тапқан береке, ырысын да.

Туған жердің аялап еспе желі,
Үшеуінен аямай ештеңені,
Күн кешуде жас ана.
Ері болса,
Ерте өргізіп отарын, кеш келеді.

Кеш келеді өрістен малын айдап,
Жанарында жастықтың
жалыны ойнап.

Ананың еншісінде ұрпағының
Тыныштығын күзету, қамын ойлап.

Селкеу түспей сезім мен бірлігіне,
Күн сығалап қарайды түндігінен.
Әйтеуір ырза екеуі сүтше ұйыған
Осынау мамыражай тірлігіне.

Тыныштықтың көлінде мамырлаған,
Қорған бол енді екеуге, тауым, далам.
Сыйласын ағарған таң жақсылығын,
Қимасын жамандығын
жауың да оған.

Қыз да асыл.
Жігіт те асыл.
Асыл бәрі.
Жайқалсын көңілінің жасыл бағы.
Тек қана көп көрме, Алла, екеуінің
Бармақтай бағын осы басындағы...





V

...Бүк түсіп әлденеге тіленіп қыр,
Аспан бүгін азаннан түнеріп тұр.
Булығып, өксік қысып жылай алмай,
Бұлттар көкте көшуде үдеріп құр.

Бөрі де былай қалып күндегінің,
Тал-қайыңдар шағады күнге мұңын.
Бір сұмдықтың боларын іші сезіп,
Бұлтпен жүзін бүркейді Күн де бүгін.

...Бүгінгі күн қыр кезіп, ойға барып,
Күші ананың сарқылды бойдан анық.
«Ере алмас деп отарға» тастап кеткен,
Ауылдағы бес-алты қой жоғалып.

«Азанда қырға қарай беттеп еді,
тезірек табылса екен» деп келеді.
Үш баласын кетерде үйге қамап,
Сырттарынан бекітіп кеткен еді.

Кеткен еді бекітіп сырттарынан,
Отауына ордалы құт дарыған.
Үшеуінің жағдайы не күйде екен,
Бейхабар-тын мүлде олар

сырттағыдан.

Жеке тастап көрмеп ед бүйтіп әлі,
Жүрекке енді мұңлы бір күй тұнады.
Бесікте тәтті ұйқының құшағында ед,
Тұрды ма екен Қалтайы ұйқыдағы?



Келеді ана алаңдап ошағына,
Ондаған ой басына ошарыла.
Ай-күннің аманында мал жоғалтып,
Қандай жауап қайырмақ қосағына?

Қандай жауап қайырмақ енді еріне?
Ақылының сыймайды шеңберіне.
Үйде қалған үшеуін есіне алса,
Ойы ортадан қалады тең бөліне.

Әншейінде жадырап төккен нұрын,
Күн де бой көрсетпеді көктен бүгін.
Ойларымен алысып білмеді ана,
Ауылдан қалай ұзап кеткендігін.

Санасынан бір мезет сырып малды,
Қырға шықты жөн көріп
тыныққанды.
Сол сәтте... шыққыр көзі
отқа оранған
Үйін көріп, сілейіп тұрып қалды.

Құдайым-ай (тұратын қарап көктен),
Қай жерден?..
Қалай?..
Қайтіп ағат кеткен?
Еңісте жатыр үйі отқа оранып,
Үш бірдей балапанын қамап кеткен.

Көз жасы етегіне толып... ағып,
Жүрегін қасіреттің тоңы қарып.



Байғұс ана үкідей ұшты үйіне,
Шырылдап, қос өкпесін қолына алып.

Қос жанары жас төгіп, тілі нала,
Тау мен тасты жаңғыртып үні дара.
Жан ұшырып жұртына жеткен
кезде Ол,
Киіз үйдің қалған-ды күлі ғана...

Эпилог

Жиырма деген толмастан
жасқа толық,
Қара бұлты қайғының басқа төніп.
Үш баласын от отап жас ана отыр,
Егілгенде етегі жасқа толып.

Жас ана отыр жүрегін тіліп қайғы,
(Ұқпаса оны тас жүрек, сұм ұқпайды).
Жүрегіне жазылмас жара салған
Мәңгіге енді бұл күнді
Ол ұмытпайды.

Дидары ғайып болып үш баланың,
Басынан бағы сәтте-ақ ұшты ананың.
Қапын тапса қылтадан
қырқып түсер
Өмір деген жүзі екен ұстараның.



Басындағы бар бағын шер үптеді,
Әжім түспей қайтеді көрікке енді?
Қан жұтып, зар илеген ананы аяп,
Аспан да көз жасына ерік берді...



МАЗМҰНЫ

Абзал Бөкен.

Арғымақ текті арда жыр 3

Бірінші бөлім

Көкжиекті көрмегелі...

Сыныптасы жоқ бала.....	17
Аманбек	19
Көкше теңіз	21
«Қойдым бәрін...»	23
«Жарылқа, Алла, құлыңды...»	25
Әке	27
Қаладағы қарт сөзі.....	29
«Көкжиекті көрмегелі...»	30
Жусан иісі	31
Хат	33
«Кездестік те төсінде барқыт белдің...»	35
Қазақы күй	36
Қайран, Қукем... ..	37
Ғұмыр өтер... ..	39
«Өлтіріп ап көрікті күндерімді...»	41
Ауылды аңсау	42
Ауылға алаң.....	44
Тас қыран	46
«Бақытжан деген ұрдажық менің ағам бар»	47
Күпірлік.....	49
«Жарық түспес жар – қабақ...».....	51
Махамбетке.....	52

Құлшытастағы жазу	54
Аманатқа адалдық	55
Азаттық жыры	57
Жерұйық.....	59
О. Жүнісұлына	61
Жалқы қайнар	63
Туған жер	65
«Сарытерегім...».....	67
Құмсағат	69
Көктем	70
Көктем көңіл.....	71
Наурыз жыры	74
Ағаға арнау	76
Құлазу	77
«Өткенге өкпемен қарама...»	78
Өпкелеріме	79
Балалық шаққа наз.....	81
Еркеназ	83
«Жүрегім жырға жерік болғалы...»	85

Екінші бөлім

Сымбатың жауын ап жанардың...

Көршінің қызы.....	89
Қыз сөзі.....	91
Түсінерсің жанымды... ..	92
«Сөзімді тыңда сеніп, қарағым...»	94
Меруертке.....	96
«Сымбатың жауын ап жанардың...»	98
«Жаным менің тастап шығып тәнімді...»	99
Аялдамадағы ару	100
Өтініш.....	102
Жігіт сөзі.....	103
Сағыныш	105

Үшінші бөлім
Дидарғайып

Дидарғайып 109

Ілияс МҰҚАЕВ

СЫНЫПТАСЫ ЖОҚ БАЛА

Өлеңдер және поэма

Редакторы – Шолпан Оразбаева
Корректоры – Жұлдыз Аманғали
Дизайнері – Вячеслав Козлов
Мұқабадағы сурет авторы –
Зейнолғабдин Мұхамедин

Басуға 25.04.22 қол қойылды.
Пішімі $84 \times 90 \frac{1}{32}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 6,72.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №6698.

«Кәусар» баспасы.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
тел.: 8 777 323 25 47, 8 776 191 69 98
E-mail: kausar_baspasy@mail.ru



Ілияс Мұқаев – ақын. 1982 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Айыртас ауылында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Республикалық Бұқар жырау, Т. Айбергенов, Т. Молдағалиев, Н. Мәукенұлы атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты және бірнеше жыр мүшәйрасының жүлдегері. «ҚР Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің иегері.

«Ғұмырымның көктемі» атты жыр жинағы мемлекеттік тапсырыспен «Жалын» баспасынан жарық көрген. Өлеңдері «Қалам құдіреті», «Сарыарқа», «Арқа ақындары антологиясына», сондай-ақ қырғыз тіліне аударылып, «Азыркы казак поэзиясы» жинағына енген. Бүгінгі таңда Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары қызметінде.

